ПОРЯДКА 200 ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКОВ ПРИНЯЛИ УЧАСТИЕ В X СЕССИИ КОРПОРАТИВНОГО МОЛОДЕЖНОГО ЛАГЕРЯ

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМIРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№67-68 (2450-2451) 26/07/2019 | ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА | railnews.kz

Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz / «ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

ДӘЙЕКСӨЗ

**Арман СҰЛТАНОВ,**
«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ БАС ДИРЕКТОРЫ:

**«КЕЛЕШЕКТЕ ДЕ ВАГОН ПАРКІН ЖАҢАРТУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСЫН ТАБАТЫН БОЛАДЫ. ЖЫЛ САЙЫН ОТАНДЫҚ ӨНДІРІСТЕГІ 100 ЖАҢА ВАГОНМЕН ЖАҢАРТЫЛЫП ОТЫРМАҚ. АЛДАҒЫ 10 ЖЫЛДА БІЗДІҢ КОМПАНИЯ ХАЛЫҚТЫҢ СҰРАНЫСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІП, ЖАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАУ МАҚСАТЫНДА 1200 ЖАҢА ВАГОН САТЫП АЛУДЫ ЖОСПАРЛАП ОТЫР»**

ТРАНЗИТ



# МЕЖРЕГИОНАЛЬНОЕ ПАРТНЕРСТВО

Вопросы развития организации перевозок по маршруту Китай – Европа – Китай обсудили генеральный директор АО «KTZ Express» Дмитрий Абдуллаев и генеральный директор китайской компании Sinotrans&CSC Kazakhstan Ду Баожонг (Du Baozhong).

**Асель ШАЙХЫНОВА**

Во время переговоров достигнуты договоренности по углублению взаимовыгодного сотрудничества по организации курсирования регулярных международных контейнерных поездов, следующих из Китая в направлении Центральной Азии, Турции, Европы, Вьетнама и в обратном сообщении через территорию Казахстана с использованием логистической инфраструктуры станции Алтынколь и сухого порта СЭЗ «Хоргос – Восточные ворота».

В целом, стороны отметили положительную динамику роста объемов контейнерных перевозок по евроазиатским коридорам, а также рассмотрели перспективы сотрудничества в организации новых маршрутов и логистических решений между Юго-Восточной Азией, Казахстаном и Европой в рамках поддержки сопряженности казахстанской программы «Нұрлы жол» и инициативы Китая «Один пояс – Один путь».

Стороны обменялись мнениями по вопросам увеличения объемов грузоперевозок на трансказахстанских маршрутах и отметили важность межрегионального партнерства.

Кроме того, казахстанская сторона проинформировала китайскую делегацию о возможностях использования регулярной фидерной линии Актау – Баку – Актау на Каспийском море в рамках развития организации перевозок по Транскаспийскому международному маршруту.

Также стороны выразили интерес к участию в совместных инвестиционных проектах, развитии контейнерных перевозок и привлечении дополнительного грузопотока на трансказахстанские маршруты.

Напомним, Sinotrans&CSC Kazakhstan является представительством китайской государственной компании по внешнеторговому транспорту в городе Алматы. Компания соответствует стандарту AAAAA от Комитета по логистическому стандарту КНР, который считается высочайшим уровнем в КНР в комплексном логистическом бизнесе. Sinotrans & CSC имеет более 100 зарубежных филиалов.

*Асель ШАЙХЫНОВА*
*Фото Александра ЖАБЧУКА*

КОНСУЛЬТАТИВНЫЙ СОВЕТ

# СОСТАВЛЯЮЩИЕ УСПЕХА

В канун профессионального праздника – Дня работников транспорта – в санатории железнодорожников им. С. Сейфуллина, расположенном в Боровской курортной зоне, состоялось заседание Консультативного совета АО «НК «Қазақстан темір жолы». Бывшие руководители отрасли, почетные железнодорожники и ветераны ознакомились с итогами работы и задачами развития железной дороги. Однако, главное внимание членов Совета было акцентировано не на успехах, а на проблемах отрасли.

**Руслан РАХМЕТОВ**

Так, по словам главного инженера – директора департамента технической политики АО «Пассажирские перевозки» Кадыржана Умурзакова, за первое полугодие 2019 года факт пассажирооборота по группе компаний составил 6,8 миллиарда пассажиро-километров, что ниже установленного плана на 0,7%. Снижение обусловлено сокращением объемов движения в сегменте пригородных перевозок, а также поездов сопредельных железнодорожных администраций. Кроме того, на снижение пассажирооборота повлияла чрезвычайная ситуация, произошедшая в городе Арысь – из-за приостановления движения было задержано 38 пассажирских поездов, или 12,6 миллиона пассажиро-километров.

– Между тем компанией приняты меры по достижению плановых показателей. В результате пассажирооборот по поездам собственного формирования составил 6,1 миллиарда пассажиро-километров, что выше плана на 0,9%, – сказал Кадыржан Умурзаков.

В своем докладе он отметил, что национальным перевозчиком в целях выполнения установленного плана пассажирооборота организовано курсирование восьми дополнительных коммерческих и семи разовых поездов, назначен новый международный пассажирский поезд совместного обслуживания №363/364 Караганда – Томск периодичностью через день. Обществом также организовано курсирование 15 скоростных поездов, состоящих из вагонов «Тұлпар-Тальго». Время в пути следования сокращено на 6-15 часов.



**ОБНОВЛЕНИЕ ПАРКА ВАГОНОВ**

Кадыржан Умурзаков рассказал, что предприятие ведет плановую работу по обновлению парка пассажирских вагонов. Всего с 2010-го по 2017 год приобретено 954 единицы подвижного состава.

– При этом в период с 2012 по 2017 год завод «Тұлпар-Тальго» поставил 614 пассажирских вагонов, что позволило обеспечить регулярным пассажирским железнодорожным сообщением столицу со всеми областными центрами страны и сократить время следования поездов, – отметил главный инженер – директор департамента технической политики компании.

На заводе «Тұлпар-Тальго» приступили к изготовлению современных вагонов по российской технологии. Первые 25 новых плацкартных вагонов уже вышли в рейс в составе поезда №377/378, следующего по маршруту Алматы – Мангистау. В целом до конца года планируется выпустить 63 вагона. В последующие годы продолжится работа по обновлению вагонного парка, ежегодно по 100 вагонов.

Вместе с тем, в настоящее время парк пассажирских вагонов в Казахстане характеризуется высокой степенью износа. Этот вопрос в своем выступлении затронул и главный инженер АО «Пригородные перевозки» Сергей Балашов.

– Сегодня усилиями компании осуществляется перевозка пассажиров по 73 маршрутам. Инвентарный парк подвижного состава составляет 221 вагон, в том числе 96 пассажирских и 123 вагонов электропоездов. Основным фактором, повлиявшим на снижение показателя пассажирооборота, стала отмена с 1 января текущего года пригородных поездов Астана-1 – Караганда, Шымкент – Сарыагаш, а также уменьшение периодичности курсирования по маршруту Астана – Павлодар, – сказал он.

*Окончание на 3 стр.*

НОВОСТИ

## ОГРАНИЧЕНИЕ ДЛЯ ЭКСПОРТА

**Более 400 казахстанских вагонов с угольным концентратом, которые следовали из Караганды в Кривой Рог, остановили в начале июля на станции Валуйки на границе России и Украины из-за отсутствия разрешения на вывоз.**

Остановка вагонов стала неожиданностью для АО «КТЖ – Грузовые перевозки», так как компания соблюдает порядок согласования объемов вывоза товаров, утвержденный уполномоченными органами России и Казахстана.

– Мы получили телеграмму РЖД об изменении правил перевозки 4 июня, когда груженые вагоны уже отправились из Караганды в Кривой Рог, поэтому они встали на границе, так как разрешения не было. И мы не можем забрать их обратно, потому что клиенты не готовы оплачивать издержки. Руководство КТЖ – ГП обратилось в Министерство индустрии и инфраструктурного развития Казахстана, сейчас они решают эту проблему с Министерством экономического развития России (МЭР). В компании с пониманием относятся к требованиям российской стороны, – сказал и. о. заместителя генерального директора АО «КТЖ – Грузовые перевозки» по маркетингу и интегрированному планированию перевозок Мухтар Махамбет.

Следует отметить, что ежесуточные убытки предпринимателей по предварительным данным НПП «Атамекен» составляют более 5 миллионов тенге.

По словам зампредседателя НПП «Атамекен» Евгения Больгерта, казахстанские вагоны не смогли пересечь границу из-за несогласованных действий министерства и Федеральной таможенной службы, которая выпускает все грузы, которые были погружены в мае, в учет уже июньских квот. МЭР сообщило, что сейчас этот вопрос решается с таможней.

В свою очередь, Палата предпринимает меры по скорейшему разрешению ситуации на всех доступных уровнях взаимодействия. Надо сказать, что уже с 2014 года представители отечественного бизнеса несут убытки из-за проблем с перевозками грузов по России, несмотря на официальные рекомендации Коллегии ЕЭК о том, чтобы в отношении товаров, перемещаемых с процедурой таможенного транзита, не применялись односторонние меры.

Напомним, Правительство РФ с 1 июня запретило вывоз с территории России на Украину нефтяных грузов и утвердило перечень разрешенных товаров для экспорта: уголь, кокс, бензин, дизельное топливо, пропаны, сжиженные газы. С 1 июня для вывоза товаров из РФ также необходима квота, то есть разрешение Министерства экономического развития.

*Айлин БАУРЖАН*

ЦИФРЛАНДЫРУ

## САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ – САПАЛЫҚ ДЕҢГЕЙ КЕПІЛІ

**Адамға барлық жайлы жағдайларды жасау мақсатында қазір әлемде жаңа технологиялардың түр-түрі пайда болуда, әсіресе цифрлы технологиялар кең өріс алуда. Цифрлы теміржол бағдарламасы аясында «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ да бірқатар тиімді жобаларды жүзеге асырып келеді. Олардың ішінде теміржолдың тасымал үдерісіне тікелей әсерін тигізіп, өндірісті оңтайландыруға ықпал ететін төмендегі бірнеше жобаны бөлек атауға болады.**

Бүгінгі таңда Компанияда «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына енген «Магистраль» АБЖ шеңберінде жедел диагностикалық құралдарын енгізу жобалары сәтімен жүзеге асырылуда. Рельстердің ақауын анықтайтын, жолдардың бұзылуын дер кезінде табатын, сөйтіп пойыздар қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ететін кешенді диагностикалар жедел де ауқымды жұмыстар атқаруда. Бұндай кешенді диагностика жасап, артынан жол жөндеу жұмыстары жүргізілетін жетілдірілген жедел диагностикалық кешеннің 6 данасын енгізу жоспарланса, 2019 жылдың мамырынан бастап соның үшеуі жолға шықты. Ағымдағы жылдың қарашасында тағы үшеуі қолданысқа енгізіледі деп күтілуде.

Жалпы шағын диагностикалық пойыз – нақты уақытта рельстердің түйіскен жеріндегі саңылаудың үлкенді-кішілігін, болтының бар-жоқтығын бейнетіркеу арқылы жедел анықтап бере алатын ұтымды кешен. Жәй анықтап қана қоймайды, сонымен қатар жолдың жағдайына қарай пойыздар қозғалысы жылдамдығын ретке келтіру бойынша жедел шара да қабылдай алуға қауқарлы. Егер жақын болашақта роботпен басқарылатын пойыздар шығып жатса, оған таң қалуға болмас. Дей тұрғанмен, адамзат өз тағдырын «ақылды темірлерге» сеніп тапсырып қоймайтыны басы ашық әңгіме. Әйтсе де, уақыттың бір орнында тұрмайтыны сияқты, жаңа технологиялар жылдан-жылға жетілдіріліп, тұрмысымыздың барлық саласын қамти түскен.

Қазіргі таңда клиентке бағдарлану алдыңғы орынға шыққан шақта олардың жайлылығы үшін барлық жағдайлар жасалып отыр. Жолаушылар сұранысына орай заманауи жаңа вагондар шықты. Оларда басқа сервиспен қатар вагондарда Wi-Fi болуы – уақыт талабы. Қазірдің өзінде кейбір фирмалық пойыздарда сымсыз желі жұмыс істеп тұр, алайда алдағы уақытта ол барлық пойызда болатыны талас тудырмайды. «Жолда» деп аталатын көңіл көтеру порталы арқылы жолаушы өзіне қажетті фильмдер мен ақпараттарды тамашалай алады. Жақын болашақта жол бойында сандық теледидар көретін де күн алыс емес деп түюге болар. Және де жолаушылар алда оны әлеуметтік желілермен, электрондық пошталармен, мессенджерлермен пайдалана алады. Қазірдің өзінде жаңа вагондарда әр купеде телефон қуатын толтыру сымдары мен ток көздерін пайдалану нүктелері бар.

Қысқасы, темір жол саласын цифрландыру сәтімен жүзеге асырылып жатқанын айта кету керек. Жол жүру билеттерінің дені қазірдің өзінде интернет-ресурстары арқылы жүргізілуде, болашақта түгелдей цифрлық жүйеге көшуіміз ғажап емес. Өйткені, 2020 жылға қарай электрондық билетке өтуді 90% жеткізу көзделіп отыр.

Жүк тасымалы бағытында жүк тиеу мен рәсімдеу және жөнелту уақыты барынша қысқарып, транзиттік контейнерлер тасымалын дамытуға бағытталған мультимодалдық тасымал саласын цифрландыру процесі бастау алды. Елдер арасында электрондық мәліметтер алмасу жолға қойылған. Енді жүк жөнелтуші тарап жұмыр жердің қай бұрышында отырса да өз жүгінің қай жерде екендігін, яғни жүк тиелген контейнерінің қайда кетіп бара жатқанын көріп біліп бақылап отыру мүмкіндігіне ие деген сөз. Керемет жетістік емес пе?! Бұндай мәлімет алмасу теміржол көлігінде орын алатын сыбайлас жемқорлық фактілерінің болашақта мүлдем жойылуына ықпал ететін болады.

*Асқар ИСАҚОВ*

БҮГІНГІ САН

**ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛЫ БОЙЫНША ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРГІ АЛТЫ АЙДА**

**120 млн тоннадан**

**АСТАМ ЖҮК ТИЕЛГЕН**

АҚПАРАТ

## ҚЫРАҒЫЛЫҚ ҚАУІПТІҢ АЛДЫН АЛДЫ

**Семейлік теміржолшылар желі бойында орын алуы мүмкін тағы бір ықтималды апаттың алдын алды. ВЧД-23 мекемесінің вагон қараушыларының қырағылығы арқасында болуы ықтимал апаттың жолы кесілді.**

Жаңа-Семей станциясына келіп тоқтаған №302 Алматы-Новосібір бағытындағы жолаушылар пойызын жеделдетіп тексеру барысында вагон қараушылар Ерлан Тоқтаров пен Нұрлан Тұрашов екеуі жылжымалы құрамның сегізінші вагонының дөңгелегінен аса қауіпті ақаулық анықтады. Вагонның тежегіш құрылғысынан табылған бұл кілтипан күрделі жөндеуді талап ететіндіктен, жолаушылар қалған 13 вагонға бөліп отырғызылып, ақаулық табылған вагон арнайы маневрлік тепловозбен, ПТО басшысының қадағалауымен Семей станциясына жеделдетілген жөндеу жұмыстарына жеткізілді. Шұғыл түрде жұмыс бригадасы құрылып, шамалы уақыт ішінде ақаулық қалпына келтірілді.

Осылайша, елімізде құрастырылған жолаушылар пойызы уақытынан сәл кешігіп, алған бағытына қарай Ресейдің Новосібір қаласына сапарын жалғастырды.

Алдағы уақытта орын алған жағдайға байланысты сараптамалық жиын өткізілмек. Ал қырағылық танытып, жолаушылар өміріне төнген қауіптің алдын алған вагон қараушыларын марапатқа ұсыну көзделуде.

*Қуан ЕРТІС, Жаңа-Семей*

## ШАРУА ШАШ ЕТЕКТЕН

**Өндіріс орындары мен ауылшаруашылық өнімін жөнелту бойынша Ақтөбе ЖТ бөлімшесі өз міндетін абыроймен атқарып келеді. Әсіресе, «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында ауыз толтырып айтарлық шаруалар шаш етектен.**

Бөлімшедегі атқарылған жұмыстар легімен Ақтөбе ЖТ бөлімшесі техникалық бөлімінің басшысы Жасұлан Рысқалиев таныстырып өтті. «Ақтөбе облысының шекарасында республикалық маңызы бар «Ақтөбе – Атырау – Астрахань» автомобиль жолының учаскелерін қайта жаңарту жұмыстары жүріп жатыр. Осыған орай, аталған бағдарлама бойынша жұмыс жүргізетін мердігерлік ұйымдарға Бершүгір, Мұғалжар, Алабас станцияларынан 1 млн 155 мың тоннаны құрайтын 16 мың 485 вагон құрылыс жүгі тиеліп жеткізілді. Атап айтсақ, осы алты айда Батыс Қазақстан облысына 728 вагон немесе 77,9 мың тонна жүк, Атырау облысына 4 мың 261 вагон – 292,9 мың тонна және облыс төңірегіне 3 мың 285 вагон немесе 224,5 мың тонна құрылыс жүгі тиелді. КТТ меншік вагондарының жалпы жүк тиеу үлесі 41% құрайды, яғни 3 млн 788,5 мың тонна жүк тиелді», – дейді Жасұлан Рысқалиев.

Бүгінгі күні құрылыс жұмыстары жүріп жатқан «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автомобиль жолы нысандарына негізінен отандық құрылыс материалдарын пайдалануға баса назар аударылып жатқаны белгілі. Цемент, битум және түрлі құрылыс жабдықтарының 90 пайызы – қазақстандық өнім. Бұл тауарларды тасымалдауда Қазақстан темір жолының қосып отырған үлесі, атқарып отырған жұмысы орасан. Жүздеген тонна құрылыс жүктерін нысандарға уақытында жеткізіп отыр. Қысқасы, техникалық бөлім бастығының мәліметінше, Ақтөбе ЖТ бөлімшесі жүк және жолаушы тасымалын жоспарға сай жүргізіп отыр.

Бөлімшедегі жартыжылдық жұмысқа сараптама жүргізген маман өзгерістерге де тоқталды. Өткен жылмен салыстырғанда жалпы алғанда жүк айналымы азайған. «Жоспарлы тапсырмаға жүк айналымы 3,7% төмендеп, 9 млрд 663,4 млн ткм нетто құрады. Жүк айналымының төмендеуіне жүк тиеудің 173 ваг/тәулікке азаюы және тиеу рейсінің 12 км-ге қысқаруы әсер етіп отыр. Өткен 2018 жылмен салыстырғанда жүк айналымы 7,4% немесе 777,2 млн ткм неттоға азайып отыр. Сонымен қатар, техникалық жоспарына жүк айналымының көлемі 100,4% орындалған», – дейді Рысқалиев.

Маманның айтуынша, көлемдік өсумен қатар, қызметтің сапалық көрсеткіштері жақсарған. Жүк вагонының және локомотивтің өнімділігі артқан.

*Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе*

## ҚҰДЫҚ ПЕН ЖЕМ АРАСЫНДА ЖОЛ ЖАҢАРДЫ

**Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі жалпы ұзындығы 2569,8 км, пайдалану ұзақтығы 2019,9 км жол телімдеріне, сонымен қатар 110 өткелдер мен 1407 көпір, құбыр, тағы басқа жасанды құрылымдарға техникалық қызмет көрсетеді. Қазіргі таңда кестеге сай жазғы жөндеу жұмыстарын қарқынды жүргізуде.**

«Құдық – Жем станциялары арасындағы 8,8 км теміржолға күрделі жөндеу жұмыстары толықтай аяқталды. Жол түгел жаңа материалдармен, жаңа рельс, жаңа шпалдармен жаңартылды. Жол төселімдері техникалық талапқа сай арнайы жол машиналарымен жүргізіліп, екі аптаның ішінде түгел салынып бітті. Күрделі жөндеу кезінде бекеттен кесте бойынша өткізілетін пойыздардың қозғалысына кедергі келтірілген жоқ. Жалпы саны 100-ге жуық адам жөндеу жұмыстарын үздіксіз жасады. 25 метрден құралған жол төсемдері орнына 500-700 метрлік рельстерден бунақсыз баркыт жолдар төселді», – дейді Ақтөбе магистральдық жол бөлімшесінің жетекші инженері Қанат Кенжалин.

Рельсарқалық зауытынан алынған 100 метрлік рельстер 41 разъездегі арнайы орталықта 500-700 шақырымға дейін жалғанып, ұзартылады екен. Сосын жөндеу жасалатын бекеттерге арнайы вагондармен жеткізіледі. Біркелкі тегіс жалғанған, бунақсыз рельстер пойыздың жүру жайлылығын арттырады, жүк және жолаушылар қозғалысы, жалпы қолайлылыққа ықпал етеді және жоғары жылдамдықтағы пойыздар өткізуге өте тиімді.

Алдағы күндері Тамды – Аққемер станциялары арасындағы жолға күрделі жөндеу жүргізу жоспарлап отыр екен .

*Ардан СЕРДАЛЫ, Жем*

КӨМІР ТАСЫМАЛЫ

# ЭКСПОРТ ДИНАМИКАСЫ АРТУДА

Семейлік теміржолшылар жазғы маусымға жоспарланған көмір тасымалын көзделген межеден асыра орындауда. Биылғы жартыжылдық көрсеткіштің жоғары болуына ықпалын тигізген көмір тиеу мен тасымалдау ісі – алға қойған мақсаттың уақытынан бұрын орындалуына ықпал етіп, яғни аймақ халқын қатты отынмен дер кезінде және жеткілікті мөлшерде қамтамасыз ету жүзеге аспақ.

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
*Семей*




Семей ЖТ бөлімшесінің логистика және жүк тасымалын ұйымдастыру бөлімі мамандарының сөзіне сүйенсек, шілде айының 22 күнгі көрсеткіш бойынша жоспарланған 4442 вагон қатты отынның орнына 5783 вагон тиеліп, жолға шығарылған екен. Бұл – межелі 306,5 тоннаның орнына 402,9 мың тонна жүк діттеген жеріне жеткізілді деген сөз. Егер пайыздық өлшемге салар болсақ, бұл көрсеткіш өткен жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда 131,4% артық.

Қазіргі күні 1 класты Дегелең станциясынан тәулігіне ең кемі 350 вагон көмір тиелуде. Бұл көрсеткіш жоспар бойынша біртіндеп еселеніп өсіп, тәулігіне 420 вагонға дейін жеткізілетін болады.

– Айта кетерлігі сол, биылғы жазда экспортқа жөнелтілетін көмір динамикасы да біршама артып отыр. Нақты деректерге тоқталар болсақ, шілденің 20-на дейінгі жоспарланған 213 вагон, 14,7 мың тонна қатты отынның орнына 897 вагонды құрайтын 62,4 мың тонна көмір тиелініп, жолға шығарылған. Бұл дегеніміз жоспардың 425,1 пайызға артығымен орындалғанын көрсетеді, – дейді Семей ЖТ бөлімшесінің логистика және жүк тасымалын ұйымдастыру бөлімінің инженерлері.

Осынау дәйекті шаралардың аясында станциялар бойынша көмір тиеудің орташа айналымы да айтарлықтай артып отыр.

Қазіргі күні теміржолшылар ел шығысын көмірмен қамтуды бірінші орынға қоюда. Оның себебі, жуырда облыс әкімдігі мен «Қаражыра» АҚ және Семей ЖТ бөлімшесі арасында өзара меморандум жасалған болатын. Соның аясында алдағы жылу беру маусымына ертерек даярланып, аймақтағы жылу беру көздерін көмір қорымен жеткілікті әрі үзіліссіз қамтамасыз ету шаралары межеге алынды.

Сондай-ақ, теміржолшылар «Қаражыра» АҚ басшылығымен және облыстағы өзге де көмір қабылдаушы клиенттермен келіссөздер жасап, жаз айларында, яғни, дәл қазіргі күндері көмір тасымалын ұлғайту ісін жеделдетуде.

Бұл бағыт бойынша да жоспарлы шаралар артығымен жүзеге асырылып жатыр. Сәйкесінше, басты әріптес «Қаражыра» АҚ да жұмыс барысын ширата түсуде. Мысалы, шілде айының 22-не дейін көмір тиеу үшін берілген 6720 вагонның орнына 7457 вагонға өтінім беріпті. Сол тәрізді көмір қабылдайтын тұйық желілер мен жекелеген серіктестіктердің әзір болуы да жағдайға оң ықпал етіп отыр.

Ал көмір тасымалының бұлайша күрт қарқын алуының тағы бір себебін «Қаражыра» АҚ-ның еліміздегі жылу беру станцияларымен арнайы келісім-шарт жасасып, қатты отын жеткізу ісін күзгі мерзімнен жазғы маусымға біртіндеп ауыструымен түсіндіруге болады. Бұл ретте жылу электр станцияларындағы көмір қоры алдағы тамыз айында толық жасалынуы тиіс.

Қорыта айтқанда, ішкі сұраныс үшін көмір тасымалы әлі артатын болады. Себебі, алдыңғы және өткен жылдары шағын қазандықтар мен кәсіпорындар көмірді жаппай күзде сатып ала бастағандықтан елді мекендердегі көмір тиейтін жерлерде тапшылық байқалып, ұзын-сонар кезек туындаған болатын. Биыл ондай жағдай қайталанбауы үшін алдын алу жұмыстары осы бастан қарқынмен атқарылып жатыр. Әкімдіктер әр мекеме мен жылу орталықтарының көмірді кестеге сай сатып алуын, жеткізілуін қатаң қадағалауға алған.

*Суретті түсірген автор*

СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

# МҰНАЙЛЫ ӨҢІРДІҢ БАС ҚАҚПАСЫ

Атырау станциясы – бірінші класты учаскелік станция болып саналады. Аймақта ірі мұнай, газ кеніштерінің жаңадан пайда болып, олардың өнімдері мен қажетті халық шаруашылығы жүктері тасымалының еселеп өсуіне орай Атырау станциясының маңызы «қара алтынға» жол тартылған алғашқы жылдардан бастап арта түспесе, кеміген емес.

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
*Атырау*



Жедел қарқынмен дамыған мұнай өнеркәсібі станцияның да ұдайы дамып, жетілдіруін талап еткен. Алғашында ұзындығы 850 метр болатын 10 қабылдау-жөнелту жолынан тұрған станция өсе келе екі есе ұлғайды. Алдымен 6 жолдан тұратын сұрыптау паркі салынып пайдалануға берілді. Сондай-ақ ұзындығы 1250 метр болатын 9 қабылдап-жөнелту жолы, 6 сұрыптау жолы, аз қуаттағы дөңес іске қосылды. №26, №27, №35 үш тартымдық жол бар. Соңғыларына 85-90 вагон сыйса, №26 тартымдық жол, өкінішке орай, қысқа, тек 54 вагон ғана сыяды. Ал ол вагондарды тарату кезінде екіге бөлініп, едәуір қиындық туғызады. Оны ұзарту мәселесі көптен айтылып келе жатқанымен, әлі күнге шешілмей отыр. Станцияда жүк және қозғалыс цехтары да жұмыс жасайды.

Станция бойынша жұмыс өнімділігі 2018 жылдың өткен мерзіміндегі алты айлық көрсеткіштермен салыстырғанда өскені байқалады. Маусым айында орташа тәуліктік жүк тиеу көлемі жоспарда 0,7 вагон болса, нақты 5,2 вагон тиеліп, 742,9 пайызды құраған. Тоннамен есептегенде 190,5 тонна тиеліп, жоспар 645,89 пайызды құрапты. Көрсеткіш жаман емес. Ал жүк түсіру тәулігіне 76,2 вагон болып, 95,0 пайызға жетті. Жергілікті вагондардың тұруы 11,12 сағат орнына, 10,9 сағат болып, 100,0 пайызға жеткен. 2019 жылғы жартыжылдық көрсеткішке келсек, орташа тәуліктік тиеу жоспардағы 6,1 вагон орнына 6,3 вагон болып, 103,3 пайызды құраған. Тоннаға шаққанда 264,8 тонна болып, 101,1% орындалған. Жүк түсіру көлемі 58,6 вагон, орындалуы 111,2%. Статистикалық салмақ 97,7 пайызға орындалды. Жұмыс паркі 288 вагонды құрап, 94,1% болды. Жергілікті вагонның тұруы да 103,0 пайызды құрап, жоғары межеден көрінді. Вагондарды пайдалану, маневрлік жұмыстар, жоспардан тыс вагонның бөлінуі, жүкті және жылжымалы құрамдарды сақтау, вагондардың құжаттарда көрсетілген уақытынан артық тұруы табыс көзін арттырған.

Бұл күндері Атырау станциясында вагондардың жөнелтілуі 5 бағытта жұмыс жасайды. Ақсарай түйіспесіне – үш бөліктен тұратын вагондар (жоғары Басқұншақ, Астрахань, Грузия, Әзербайжан республикалары жолдарына), Мақат бағытында (Орта Азия, Маңғышлақ түбегіне,

> МҰНАЙЛЫ ӨҢІРДІҢ МАҢЫЗЫН АРТТЫРЫП, БІРДЕН БІР ТИІМДІ ТАСЫМАЛ КӨЗІ БОЛЫП ОТЫРҒАН ТЕМІР ЖОЛ КӨЛІГІ АЙМАҚТЫ ІЛГЕРІ СҮЙРЕП, ОНДАҒЫ БАРЛЫҚ КӘСІПОРЫНДАРМЕН ҚОЯН-ҚОЛТЫҚ ЕҢБЕК ЕТЕДІ. ОЛАРДЫҢ ҚАТАРЫНДА ӘРИНЕ «ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ» ЖШС, АТЫРАУ МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫ СЫНДЫ АЛПАУЫТ КӘСІПОРЫНДАР БАР. АТЫРАУ ЖТ БӨЛІМШЕСІНІҢ ТАСЫМАЛ ЖОСПАРЫН ОРЫНДАП ОТЫРҒАН ДА ОСЫ АЛПАУЫТ КОМПАНИЯЛАР ЕКЕНІ ТАЛАС ТУДЫРМАЙДЫ.




Қандыағашқа), Ақжайық және Теңдік станцияларына республикаға маңызы бар Атырау мұнай өңдеу зауытына бос және жүк тиелген вагондар сұрыпталып жеткізіледі. Ал Махамбет станциясына – «Ақтөбемұнайгаз», «Қазмұнайгазсауда», «Батыс Риал Сервис» компанияларының атына Оңтүстік, Батыс аймақтарынан шикі мұнай өнімдерімен келген вагондарды сұрыптап, уақытында дайындап жеткізіледі. Мұнайлы өңірдің маңызын арттырып, бірден бір тиімді тасымал көзі болып отырған темір жол көлігі аймақты ілгері сүйреп, ондағы барлық кәсіпорындармен қоян-қолтық еңбек етеді. Олардың қатарында әрине «Теңізшевройл» ЖШС, Атырау мұнай өңдеу зауыты сынды алпауыт кәсіпорындар бар. Атырау ЖТ бөлімшесінің тасымал жоспарын орындап отырған да осы алпауыт компаниялар екені талас тудырмайды.

Бүгінде Атырау станциясында жөнелтілетін пойыздардың саны, яғни өткізу қабілеті 20-22-ге тең. Сондай-ақ қаланың көркейіп, халық санының көбеюіне байланысты жолаушылар тасымалының да сұранысы артып отыр. Станция бойынша жергілікті қатынаста күніне алты пойыз дайындалып жөнелтілсе, транзиттік бағытта жазғы мезгілде жеті халықаралық пойыз өтеді. Қарабатандағы «Болашақ» зауытының жұмысшыларының уақытылы барып-келуіне «Атырау-Қарабатан» қатынасында вахталық пойыз да іске қосылған. Бұл әрине, жергілікті жерде мамандарға деген қамқорлықты, олардың талап-сұранысын қанағаттандырудағы орайлы істі білдіреді. Оған халық та риза.

Станция тек өндірістік немесе мемлекеттік маңыздағы тасымалмен ғана емес, сонымен қатар жеке кәсіпкерлік субъектілерімен де жақсы қарым-қатынаста еңбек ете білуде. Ал ол өз кезегінде жергілікті тұтынушылар үшін де тиімді болып келеді. Себебі әртүрлі халық тұтынатын тауарлар қалаға осы темір жол арқылы жеткізілетіні белгілі. Ол сауда нүктелеріне де осы темір жол арқылы жөнелтіледі. Мәселен, станцияға әр тараптан келетін жүктердің тұрақты тұтынушылары болып саналатын «Кеденстранссервис» ААҚ, «Бертас» ЖШС, «Батыс транс», «СВХ Мерей» ЖШС, «Қазстройсервис» АҚ, «Атыраумұнайгазгеология-бурение», «Гурьевснаб» АҚ, ЦБКО «Ембімұнайгаз», «АТК», «Атырау көлік» ЖШС секілді және тағы да басқа ірілі-ұсақты компаниялар мен фирмалар арасында өзара қарым-қатынас орнату арқылы екі жаққа да тиімді істер атқарылуда. «Біздің ең бас ты мақсатымыз – пойыздар арқылы тасымалданатын жүктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, әкелінген жүктерді тиісті орындарына таратып, босатылған вагондарды құрастырып, уақытында кері аттандыру. Сондай-ақ жолаушыларға да барлық жағдайды жасау» дейді станция бас инженері Бекжан Жиенбетов.

Атырау станциясында бүгінгі күні жүзге жуық адам жұмыс жасайды. Оның ішінде пойыз құрастырушылар, станция кезекшілері, жүк кассирлері, тасымалдау құжаттарын өңдеу операторлары, жүк-багаж қабылдаушы, белгі беруші, ЭВМ операторлары, т.б. бар. Станцияда қауіпсіздік бойынша техникалық сабақтар да уақытында өтіп тұрады. Әр маман өз жұмысына жауапкершілікпен қарауды үйренген. Станция ұжымы алғашқы жартыжылдықта барлық өндірістік көрсеткіштерді жоспардан асыра орындап, сыйақы алғанын бұған дейін хабарлаған болатынбыз.

*Суреттерді түсірген автор*

# Сен болмасаң, кім?

*Кто, если не ты?*

жас теміржолшылар хабаршысы




## Жастар құрылтайына – 10 жыл

**Қазақстан теміржолының дарынды да қабілетті жастарының жыл сайын басын қосатын интеллектуалдық пікірталас алаңы – «Сен болмасаң, кім?!» жастар лагеріне биыл 10 жыл. Еліміздің түкпір-түкпірінен жиналатын теміржол саласының үздік жастары жылда сұлу Көкше жерінде, Бурабайда бас қосса, биылғы жылғы мерейтойлық датаны олар Нұр-Сұлтан қаласының іргесіндегі танымал демалыс аймағы – Грин паркте өткізді.**



Елорда іргесіндегі Нұра өзенінің жағасындағы тамаша демалыс аймағында компанияның 200-ге жуық жастары жиналған жазғы лагерь 21 шілдеде салтанатты түрде ашылды. Әдеттегідей мемлекеттік әнұранмен басталған шараны құттықтау сөзбен ашқан «Самұрық-Қазына» АҚ әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникация орталығының бас директоры Елдос Өмірзақов «ҚТЖ – нағыз өз ісінің білгірі, білікті жастардың қалыптасқан, шоғырланған ортасы деп санайтынын жеткізді.

– Құрметті жастар, әріптестер, бүгін міне сіздермен бірге жазғы лагерьдің ашылуына қатысып отырғаныма қуаныштымын. Қазақстан теміржолы компаниясының өз жастарына деген қамқорлығы, жас буынға құрмет-қошеметі ұнады маған, жалпы лагерь бағдарламасы ұнады. Жас қызметкерлерін осылай қолдап отыру әр компанияның басты құндылығы деп есептеймін. Жастарға еркіндік пен сенім бар жерде сәттілік пен табыс қатар жүретіні сөзсіз. Сондықтан бәріңізге сәттілік тілеймін, – деді ол.

Жастармен тікелей жұмыс істеуде белсенді шаралар атқаратын компанияның Адами ресурстарды басқару департаментінің директоры Тамила Микулич та өз кезегінде жастарға ықылас-тілегін жеткізді.

– Бүгін сіздердің орталарыңыздан табылу – мен үшін үлкен мақтаныш. Сіздердің жастық жігеріңіз бен жалындаған көңіл-күйлеріңіз ерекше әсер етеді. Лагерьде өткен үш күнде әбден бойымызға қуат жинап, соны келесі жылғы лагерьге дейін жеткізейік. Жыл бойына осы жерден алған күш-қуаттарыңыз сарқылмай, өз мақсаттарыңыз үшін жұмыс істеулеріңізге тілектеспін, – деді ол.

Теміржол жастарының жарқын болашағына жол ашатын шара барысында танылып, одан әрі талай белестерді бағындырған жастар атынан компанияның Ақмола магистральдық желі бөлімшесінің персоналмен жұмыс жөніндегі бөлім менеджері, Көкшетау қаласы бойынша жастар ісі жөніндегі кеңестің



аймақтық өкілі Ержан Жаналиев Компанияның барлық жастары атынан қоғам басшылығына осындай жастар саясатын жүргізіп, жас буынның жеке тұлға ретінде дамуына мүмкіндік жасап отырғаны үшін алғыстарын жеткізді. «Кез келген компанияның кадрлары – сол мекеменің басты құндылығы, ал жас кадрлар – тек сол ұжымның ғана емес, елдің болашағы. Компанияның дамуы, елдің өркендеуі біздің қолымызда, сондықтан алға, замандастар», – деді жас теміржолшы сөз соңында әріптестеріне қарата.

Осыдан кейін жастар алдағы үш күннің жоспарын талқылап, басқосудың әр күнін тиімді өткізуге ден қойды. Былтырғы Бурабайдағы демалыстарын еске алып, сол күндерден дайындалған арнайы бейнероликті тамашалады.

Теміржол сынды алып та үлкен компанияның өндірістік қызметкерлері бола тұра, «өнерге әркімнің-ақ бар таласы» демекші, бойға біткен талант-дарындарының арқасында театр мен сахна саңлақтарынан кем түспейтіндерін осы үш күнде тағы да паш етті. Жас теміржолшылар бұл күндері өз мамандықтарынан бөлек, реті келсе, «сегіз қырлы, бір сырлы» бола алатындарын танытып, пародист те, әнші де, биші, әртіс те болды. Қиын түйінге негізделген жұмбақтың шешімін таба білер ұтымды да ұтқыр ой пікірлері мен ақыл-кеңестерін де көрсетті.

Жастар құрылтайына биылғы жылы бірінші рет келгендер де бар, қатарынан бірнеше жыл қатысып келе жатқан, өздерін «суда жүзген балықтай» еркін сезініп жүрген «ардагерлер» де аз емес. Қысқасы, үш күн бойы жұптары жазылмаған жастар қаузамаған тақырып қалмады. Ортақ кәсіптері теміржол саласының бүгінгі таңдағы тыныс-тіршілігі, өндірістегі жаңалықтар мен проблемалы тұстарын сөз етуден бастап, достық, адалдық және махаббат сынды жастардың сүйікті тақырыптарын қозғап, қызу пікірталас та өрбітті, түрлі ойындар ойналып, ой-өріс жарысы тимбилдингке қатысып, оза шауып, өнері асқан жастар компания басшылығының марапаты мен ризашылығына бөленді.

*Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ*

*Суреттерді түсірген Александр ЖАБЧУК*

## Тимбилдинг – корпоративтік рух жеңісі



**Жалпы тимбилдинг дегеніміз не? Тимбилдинг – команда құру деген қатарлас мәнге ие. Яғни, ұжымдық командалардың ауызбіршілігі мен ұйымшылдығын және тапқырлығын танытатын жарыстық ойын түрі ретінде ол корпоративтік рухты көтеруге бағытталған. Сондықтан, теміржолшы жастар шілденің ыстық күндеріне қарамастан демалыс аймағының бірнеше тұсында ұйымдастырылған ойын кезеңдерінде секіру, жүгіруге бағытталған түрлі жарыстарға қатысып, өз командасының жеңісі үшін алға ұмтылды. Бұл ойында жастар 7-8 командаға бөлініп, креативті ойлаудың арқасында өз командаларына ат қойып, ұрандарын айғайлап айтты. Команда капитандары өте белсенді, көңілді әрі тапқыр жас мамандардан таңдалыпты.**



Жастар лагерінің бағдарламасын ұйымдастыруға атсалысып жүрген теміржолшылардың бірі, негізгі мамандығы жолсерік Құралай Жидебаеваның айтуынша, аталған тимбилдинг ойыны – Қазақстан бойынша баламасы жоқ жарыс. Биылғы лагерьдің ерекшелігі, осы тимбилдингтің бағдарламаға енгізілуі екен. Сонымен қатар лагерьге бұрын келмеген жас теміржолшылардың қатысуы да ерекшелік болмақ. Себебі олардың әрқайсысы тегіннен-тегін келіп отырған жоқ. Әр өңірден келген командалардағы 10-12 адамның әрбірінің осы бағдарламада атқаратын миссиясы, ролі бар. Бағдарлама аясындағы түрлі сайыстарға бөлініп қойылған.

Ойынға қатысып жүрген жастардың бірімен тілдескенімізде, Семей ЖТ бөлімшесінен келген жетекші экономист Арайлым Қосанова бұл лагерьге өзінің ұжымдағы белсенділігі мен өнерінің арқасында келгенін мақтанышпен жеткізді. 12 адамдық команданың құрамы Семей теміржолындағы бірнеше құрылымдық мекемелерден іріктелген екен.

– Жастар лагеріне алғаш келуім. Бәрі қызықты. Жалықтырмайды. Осындай спорттық жарыстармен қатар өнер байқаулары да өтеді. Мен өзім «Мисс ҚТЖ» байқауында өз өңірімнің намысын қорғамақпын. Шығармашылық сынында Қыз Жібектің монологын оқимын, – деген Арайлым өзінің ән салып, би билейтін өнерінің арқасында көштен қалмасына сенімді екенін жасырмады.

Қостанай белгі беру және байланыс дистанциясының аға электр механигі Дастан Журкабаев та өнерден құралақан емес көрінеді. Ол жайдарманшы ретінде өз өнерін танытты. Теміржолдағы қызметі небәрі екі жыл бұрын басталған ол ұжымдағы ең жас қызметкер екен. Сондықтан лагерьде ой-өрісі ұқсас, көзқарасы бір жас әріптестерімен кездескеніне қуанышты екенін жеткізді. «Өзіме бірнеше сенімді дос тапқан сияқтымын. Ең үлкен олжам сол болмақ» деді қуанышын жасырмай...

*Ұлан ОРАЗ*

*Суреттерді түсірген Александр ЖАБЧУК*








# Кто, если не ты?

**С 20 по 23 июля зона отдыха Green park близ столицы собрала на своей территории порядка 200 молодых талантливых, эрудированных и активных железнодорожников из всех регионов страны. X юбилейная сессия корпоративного лагеря молодежи АО «НК «ҚТЖ» «Сен болмасаң, кім?» зажгла на небосклоне компании новые звезды, став настоящим праздником творчества, дружбы и благих инициатив.**



Те, кому довелось однажды побывать в молодежном лагере ҚТЖ, не понаслышке знают об особенной атмосфере, вовлекающей каждого участника в круговорот ярких событий уже с первых минут пребывания. Эти дни остаются в памяти, позволяют взглянуть на свои возможности под другим углом, проявить таланты, задуматься о действительно важном, мотивировать себя на дальнейшие успехи и, конечно же, обрести друзей.

Каждый год (и юбилейный не стал исключением) организатор – департамент управления человеческими ресурсами АО «НК «ҚТЖ» – продумывает программу мероприятия до мелочей: викторины, конкурсы, КВН, духовно-нравственные беседы, совместное обсуждение актуальных вопросов молодежной политики, благотворительности и укрепления корпоративного духа.

– 10 лет назад лагерь молодежи ҚТЖ задумывался как корпоративный отдых, но за этот период он стал эффективной площадкой для коммуникации самых перспективных и неравнодушных представителей молодого поколения со всех уголков Казахстана, дал старт множеству социальных проектов, новых открытий и идей. Поэтому помимо досуговых, в программе – мероприятия, направленные на саморазвитие, духовный рост, работу в команде, – отметила главный менеджер департамента по управлению человеческими ресурсами Акмарал Байгабулова.

**ДЕНЬ ЗНАКОМСТВА**

